

### Құрметті бұқаралық ақпарат құралдарының қызметкерлері, ардагерлері!


Сіздерді бүгінгі кәсіби мерекелеріңізбен шын жүректен құттықтаймын!

Журналистика саласына артылар міндет пен жүк жеңіл емес. Бүгінде ақпарат айдынында еңбек етіп жүрген тілшілер қауымы заман көшінен қалмай, жаңа бағытын меңгеріп, абыройлы қызмет атқарып жүр.

Сіздер аудандағы жаңалықтарды салмақты сөз, салиқалы пікірлеріңізбен жеткізіп, халықтың жүрегіне жол тауып келесіздер. Жұмыстарыңыз еселеніп, табысты да жемісті еңбектеріңіз еленіп, алдағы мақсаттарға жету жолындағы жаңа биіктер мен шыңдардан көріне беріңіздер.

Барлықтарыңызға шығармашылық шабыт, ұшқыр ой, қарымды қалам, жемісті еңбек тілеймін!

Күршім ауданының әкімі А.АКЫШОВ



### Уважаемые работники, ветераны средств массовой информации!

От всей души поздравляю Вас с сегодняшним профессиональным праздником!

Задачи журналистики сегодня непросты. Нужно всегда быть на гребне современных технологий находить отклик в сердцах людей.

С каждым годом Ваша работа становится значимей и трудней.

Желаю Вам творческих высот, вдохновения, успехов в достижении целей, плодотворного труда!

Аким Курчумского района А.АКЫШОВ

## Жаңа көлік табыс етті

Аудандағы мәдениет пен өнер саласындағы жұмыстарды жақсарту мақсатында аудан әкімі А.Ақышов жаңа Газель автокөлігін табыс етті. Бұл дегеніміз, мәдениет пен өнерге деген зор құрмет, үлкен қошемет болса керек. Қызметкерлердің жұмысын оңалтып, жағдай жасауға зор мүмкіндік тудырмақ.

Өткен жылы «Ауыл-ел бесігі» жобасы аясында мәдениет үйі қызметкерлері ауыл-ауылдарға концерттік бағдарламаларымен шығып, ел ішіне өнерлерін тарту еткен болатын. Аудандық мәдениет үйінің өнерпаздары кез келген мерекенің

бел ортасынан табылып, өнерлерін паш етіп, ауыл тұрғындарына көтеріңкі көңіл-күй сыйлап жүреді. Осындай табанды да қажырлы еңбектерін ескерген аудан әкімі А.Ақышов өткен жылғы ауылдарларға жасаған сапарларында автокөлік сатып әперуге көмек қолын созатындығы туралы уәде еткен-ді.

Міне, сәтін салып, аудан басшы аудандық мәдениет, тілдерді дамыту және спорт бөліміне Газель автокөлігін салтанатты түрде табыстады. Жаңа көлік өнерпаздарды гастрольдік сапарларға, спортшыларды жарыстарға тасымалдайтын болады.



### ҰЛТТЫҚ ДОМБЫРА КҮНІ

## Қазақ елінің көнекөз шежіресі

Ұлттық домбыра күні 2018 жылдан бері шілденің алғашқы жексенбісі қазақтың төл аспабының күні ретіне тойланып келеді.

Домбыра жер бетінде кеңінен тараған шертпелі аспаптардың қатарына кіреді. Өнертанушылар мен тарихшылар мұндай аспаптар ғылымда X ғасырдан бастап белгілі деп тұжырымдайды. Алайда 2010 жылы елдегі БАҚ тарихы біздің заманымыздың V ғасырынан басталатын «ата домбыра» табылғанын айтып сүйінші сұраған болатын.

1500 жыл бұрын қолданыста болған делінетін көне аспап Алтай тауының Моңғолия жағындағы Үңгіртас деген үңгірден табылған. Әуелі малшының қолына түскен аспап, кейін археологтардың қызығушылығын оятып, 2008 жылы мемлекет қамқорлығына алынады. Бұл ғылыми жаңалыққа қазақ ғалымдарының арасынан танымал түрколог, филология ғылымдарының докторы Қаржаубай Сартқожаұлы назар аударып, аспаптың домбыраның арғы «атасы» екенін дәлелдеп шығады. Осылайша шертпе аспаптардың тарихы біздің заманымыздың V ғасырынан бастау алатыны белгілі болды.

Бірнеше айларға созылған келіссөздерден кейін ғана Моңғолия тарапы домбыраның көшірмесін алуға рұқсат беріп, кейін сол көшірме негізінде жасалған көне домбыраның нұсқасы музейге қойылды.

Көне дәуірден жеткен бұл аспап халқымыздың болмыс-бітімін, салт-дәстүрі мен мәдениетін айшықтайды. Рухымызды көтеріп, мерейімізді өсірген қара домбыра асыл мұрамызға, ұлттың символына айналды. Біз оны жан-жақты дәріптей береміз.



## «Таза Қазақстан» акциясы жалғасуда

8 сәуірде бастау алған республикалық «Таза Қазақстан» ауқымды экологиялық акциясы әлі де жалғасын табуда. Акция «Таза өлке», «Киелі мекен», «Өнегелі ұрпақ», «Мөлдір бұлақ» тақырыптары шеңберінде ұйымдастырылып, барша қазақстандықтар бір кісідей үлес қосқанын білеміз.



2/3 сарпы түрде жүзеге асты. Аудан бойынша гүл егу, оны күтіп, қарау жұмыстарына 4,0 млн. теңге қаражат бөлінген. Гүл егу жұмыстарын «Күршім» коммуналдық мемлекеттік кәсіпорны жүргізіп, негізгі көше бойларына 13000 дана гүл егілген. «Таза Қазақстан» акциясына қатысушыларға 200 дана футболка, 200 дана кепка таратылды.

Бір жарым айға созылған акция аяқталғанмен, ауылдың тазалығы, экологиясы аясындағы жұмыстар еш тоқтаған жоқ. «Таза Қазақстан» экологиясының ізін жалғап «Жасыл ел» сарбаздары өз жұмысын бастап кетті. Жасылелдіктер де ауылдың тазалығы мен экологиясына, көгалдандыру жұмыстарына үлес қосуда. Күршім ауданында «Жасыл ел» сарбаздарының алғашқы тобына шыққан 10 жас Күршім ауылы көшелерінде ағаш-бұтақтарды қию, жол жиегіндегі арам шөптерді жұлу, отау секілді жұмыстар атқаруда.

К.БҰРҚАНБАЕВА

Экологиялық акция біздің Күршім ауданында да ұйымдастырылып, шараға барлық мекеме-ұйымдар, мектеп оқушылары, ауыл тұрғындары қатысты.

Күршім аудандық сәулет, құрылыс, тұрғын үй шаруашылығы, автомобиль жолдары бөлімі мамандарының ақпаратына сүйенсек, акция бойынша аудан әкімінің қаулысына сәйкес Күршім ауылында орналасқан 44 мекеме-ұйымдарға тиесілі аймақтар белгіленіп берілген. Бұған қоса шараға 7 ауылдық округтер де жұмыла атсалысты. Барлығы 6298 адам қатысып, 206 ауыр техника жұмылдырылған. 36 көпқабатты тұрғын үйлердің маңайы және 1900 жеке аула секторлары, орталық алаң, өзен, көл жағалаулары қоқыстан тазартылған.

Сонымен қатар Күршім ауданы бойынша 5290 түп ағаш көшеттері отырғызылған. Ауылдарды көгалдандыру, гүл отырғызу жұмыстары да жо-

